



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

28 маусым
сенбі

№47 (2160)

2025 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmesht.kz@mail.ru

апталығы

ТҮПТЕП КЕЛГЕНДЕ, БИЛІК ТЕ, БАСПАСӨЗ ДЕ ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БАҚ саласы қызметкерлерін марапаттады



Президент, журналистер қауымын Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері күнімен құттықтап, ұлттық медиа – халықтың үні, ал журналист жасампаздық жаршысы екенін атап өтті.

– Сіздер мемлекет саясатын елге түсіндіріп, қоғам мен биліктің арасында көпір болып келесіздер. Елімізде жасалып жатқан реформалардың мән-мағынасын жұртшылыққа жеткізіп жүрсіздер. Бұл – өте маңызды, күрделі, ерекше жұмыс. Әрбір адамның қолынан келмейді. Мен бүгін бәріңізге шынайы ризашылығымды білдіремін. Өздеріңіз

білесіздер, соңғы жылдары мемлекетімізде ауқымды өзгерістер жасалуда, маңызды бастамалар жүзеге асырылып жатыр. Осыдан 3 жыл бұрын жалпыхалықтық референдум арқылы Конституциямызды жаңғырттық. Мемлекеттің бүкіл саяси жүйесін өзгертетін тарихи қадамдар жасадық. Елімізде «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» қағидаты орныға түсті. Өкілді биліктің құзыреті күшейді, атқарушы биліктің жауапкершілігі артты. Конституцияға сәйкес билік тармақтары түгел жаңғыртылды. Ауыл және аудан әкімдері тікелей

сайлана бастады. Билікке саясаткерлердің жаңа буыны келіп жатыр. Азаматтарымыз мемлекеттік маңызы бар шешімдер қабылдау ісіне белсене араласатын болды. Қоғамда пікір алуандығы орнықты, яғни, өз ойын заңға сәйкес айта алатын, көкірегі ояу, өркениетті қоғам орнығуда. Халқымыздың мүлде жаңа саяси болмысы қалыптасты. Заң мен тәртіп тұжырымдамасы қоғамымыздың сана-сезімінің ажырамас бөлігіне айналып жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

2-БЕТТЕ

РЕДАКТОР БАҒАНЫ



Мереке құтты болсын, алтын арқалағандар!

Бүгін – бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің кәсіби мерекесі. «Түркістан уәлаяты», «Дала уәлаятынан» басталатын қазақ баспасөзінің тарихына көз жүгіртсек, талай сыннан өтіп келеді. Газет шығару ісі қашанда оңай болған емес. Алайда қандай жағдайда да өзге кәсіп тоқтаса да, газет шықпай қалған кез болған емес. Әр уақыттың сынына шыдас беріп, бүгінгі күнге дейін жеткен газеттің ұлт болып қалуымызда алар орны бөлек. Қарапайым ғана мысал, қай кезде де, қай уақыттың да тарихын түгендесек, архивтегі сарғайған мерзімді басылымдарды парактайтынымыз шындық. Өзінен гөрі өзгенің мүддесін жоғары қоятын, қоғамның үнін жеткізу үшін уақытпен санаспайтын, мамандығына адал қалам ұстаған қауымның жанкешті еңбегіне белгілі қаламгер Шерхан Мұртаза бір ауыз сөзбен анықтама берген: «Мен аса жауапты да, мәртебелі журналистер еңбегін көтергені алтын, жегені тікен дала алыбы – түйеге теңер едім», – деген сөзі нақылға айналып кетті десек артық болмас.

Уақыт алмасып, технология сәт сайын қарыштап дамыған ғасырда «газетті кім оқиды?» деген сұрақ алдымыздан жиі шығады. Алайда технократтар ғасырында бүгінді емес, ертеңді ойласақ газет қажет екенін іштей мойындайтындар аз емес. Мереке күні газет шығарудың мың сан мәселесін, журналистің жайын айтып мұң шағудан аулақпыз. «Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін» деп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов айтқандай, ел ертеңі үшін еңбек етіп, Шерхан Мұртаза айтқандай, «алтын арқалап, жантақ жеген» барша журналистер қауымын төл мерекесімен құттықтаймыз! Сондай-ақ бізге сенім артқан, әр нөмірді асыға күтетін, ерінбей хат жазатын, бізге әрдайым тілекші мыңдаған оқырманды да мерекемен құттықтағанды жөн көрдік. Кешелі бері журналистердің қоғамдағы орны, еңбегі дәріптеліп, құрмет төрінен көрініп жатыр. Әрдайым құрмет төрінде болыңыздар, әріптестер! Кәсібіне адал қалам ұстаған қауым барда қазақ журналистикасы жарқырай береді!

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

ӘРІПТЕС МЕРЕЙІ

Осы аптада
ел Президенті
Қасым-
Жомарт
Тоқаев
отандық
журналистика
саласының
дамуына
сүбелі үлес
қосып жүрген
бірқатар
журналистерді
марапаттады.



СЫР ЖУРНАЛИСТЕРІНІҢ ЕРЕН ЕҢБЕГІ

Оның ішінде «Qyzylorda» телеарнасының директоры Нұрбек Әмиша да бар. Технократтар ғасырында дәстүрлі медианы жанаша қырынан таныту мақсатында тер төгіп жүрген әріптесіміз Нұрбек Әмиша «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Сонымен қатар облыстық телеарнадан түлеп ұшқан Сыр өңірінің перзенті, бүгінде «Astana» телеарнасында еңбек етіп жүрген Акерке Биятова да «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Әріптестерімізді марапатымен құттықтаймыз.

Гауһар Қожахметова – Ақпарат саласының үздігі

БАҚ өкілдерінің кәсіби мерекесіне арналған «Қанатты қалам» мерекелік жиынында сырбойлық бірқатар журналистер «Ақпарат саласының үздігі» медалімен марапатталды. Олардың қатарында «Ақмешіт апталығы» газетінің тілшісі, акын, Қазақстан журналистер одағының мүшесі Гауһар Қожахметова да бар. Гауһар Асқарқызы мәдениет, руханият тақырыбында қалам тербеп жүрген журналист. Сонымен қатар нәзік нәзімге толы өлеңдерімен оқырман жүрегіне жол тапқан акын. «Журналистика – жүрек қалауым» дейтін әріптесіміз биыл асқаралы алпыстың биігін бағындырып отыр. Мерейлі жасыңызда мерейіңізді өсіріп, кеудеңізге жарқыраған медаліңіз құтты болсын демекпіз!



МЕРЕЙ – ҮСТЕМ, МӘРТЕБЕ – БИІК



Қаламыз қасиетін бағалап, құдыретін сезінген бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің мінберге шығатын мерейлі сәті Сыр елінің бас

қаласы Ақмешіттің төрінде дүбірлеп өтті. Өнер орталығында өткен салтанатты жиынға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Мәдениет және ақпарат

вице-министрі Айбек Сыдықов, өңірдің БАҚ саласы мен зиялы қауым өкілдері, құқық қорғау және жауапты сала басшылары қатысты.

2-БЕТТЕ

ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНГЕН КҮН



Қала тынысын ақпараттандырып, қаламына арқау еткен бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері марапат мінберіне шықты. Қала әкімдігінің ұйымдастыруымен Қаламгерлер аллеясында өткен салтанатты жиында әріптестеріміз құрметке бөленді.

2-БЕТТЕ

ТҮПТЕП КЕЛГЕНДЕ, БИЛІК ТЕ, БАСПАСӨЗ ДЕ ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізілген реформалар экономика саласында да өз жемісін беріп жатқанын атап өтті.

– Былтырғы осы уақытпен салыстырғанда, өткен 5 айда ұлттық экономикамыз 6 пайызға өсті. Өңдеу өнеркәсібінің өсімі де 6 пайызға жуықтады. Жалпы соңғы бес жылда еліміздің ішкі жалпы өнімі 182-ден 286 миллиард долларға жетті. Біз бұған экономиканы әртараптандыру арқылы қол жеткізіп келеміз. Бүгінде түрлі салада осындай оң өзгерістер болып жатыр. Ең бастысы, ұлттың болмысы өзгере бастады. Елде жаңа азаматтық, саяси мәдениет қалыптасып, жаңа құндылықтар орнығуда. Жас ұрпақ «Адал азаматқа» тән қасиеттерді бойына сіңіріп өсіп жатыр. Заң үстемдік құруы үшін нақты шаралар қолға алынып жатыр. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы нағыз халықтық жобаға айналды. Азаматтарымыз табиғаты таза елдің ниеті де таза деген ұстанымды жан-жақты насихаттап, ортақ іске белсене атсалысуда. Осылайша, Қазақстан жаңа тұрпатты елге айнала бастады. Өйткені таза болу, бұл – ниеті де, ісі де таза болу деген сөз. Біз озық ойлы ұлт болуымыз қажет. Көш бастайтын елдердің қатарына қосылуымыз керек. Бір ел болып, жұдырықтай жұмылсақ, бұл мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Осы ортақ жұмысқа журналистер қауымы да зор үлес қосып жүр. Сіздерді реформаның қозғаушы күші деп айтуға болады. Түптеп келгенде, билік те, баспасөз де ел игілігіне қызмет етеді. Еліміздің мақсаты – биік, бағдары – айқын. Бұл – Әділетті, Қауіпсіз, Өркениетті және Таза Қазақстанды құру, – деді Президент.

Мемлекет басшысы қазір арқаны кеңге салатын уақыт емес екенін айта келе, әлемдегі геосаяси, геоэкономикалық ахуал шиеленісе түскеніне тоқталды.

– Жаһандық қауіпсіздік жүйесі түбегейлі өзгеріп жатыр. Алпауыт елдердің текетіресі ушығып, кейбір аймақта қарулы қақтығыстар өрісіп барады. Әлемдік аренада күрделі, бізге беймәлім, терең түсінуді қажет ететін үдерістер орын алуда. Негізінде, халықаралық құқыққа қатысты ұғымдар араласып кетті. Күштінің құқы дәріптеле бастады. Ғаламдық цифрлық трансформация бүкіл адамзатқа бұрын-соңды болмаған қиындықтар әкеледі. Әлем жаңа дәуірге қадам басты. Мұнда жасанды интеллект технологиялары мемлекеттің табысты



дамуының басты факторына айналады. Алдағы іргелі өзгерістердің ауқымын білген жөн. Өркениет көшінен қалмау үшін инновацияны барлық салаға қарқынды түрде енгізу қажет. Мемлекет басшысы ретінде осы іске баса мән беремін. Жасанды интеллектінің кеңінен таралуы кез келген мамандыққа, соның ішінде сіздердің кәсіптеріңізге де мүлдем жаңа талаптар қояды. Көптеген сарапшылар келешекте адам еңбегін алгоритмдер алмастыратынын айтып жүр. Алайда бұл өзгерістер журналистиканың жаңа мүмкіндіктерін, шын мәнінде екінші тынысын ашуы әбден мүмкін. Қазірдің өзінде жаңа нейрожелілер сұранысқа ие бірегей контент өндіру үшін қажет ақпаратты іздеп,

талдай алатын пайдалы құралға айналды. Отандық журналистер әрдайым шығармашыл, жаңашыл әрі дамуға құштар. Сіздердің жаңа технология мүмкіндіктерін толығымен пайдаланатындарыңызға сенімдімін. Бүгінде елімізде медиасаланың, соның ішінде блогосфераның қанат жаюына барлық жағдай жасалған. Оқиға ортасынан шынайы ақпарат таратуда өздеріңізге мол жауапкершілік жүктелген. Мұны сезіне білу өте маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, алмағайып, бұлынғыр заманда, ең алдымен, ел бірлігін сақтап, басты байлығымыз – тұрақтылық пен тыныштықты бағалау қажет.

– Осы орайда, журналистерге айрықша сенім мен зор жауапкершілік жүктеледі. Міржақып Дулатов «Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті» деген. Шын мәнінде, сөз – аса қуатты қару. Бір ауыз сөз араз елді тату қылады, тату елді араз етеді. Сондықтан сөз күдіретін терең түсініп, оның салмағын сезіне білу қажет. Қазіргі ақпарат тасқынында сенімді дерек, дәйекті талдау ұсынудың мән-мағынасы арта түсті. Журналистің ағартушылық миссиясы алдыңғы қатарға шықты. Кез келген ақпаратты мұқият елеп-екшеп, жұртқа дұрыс жол көрсету өте маңызды. Бұл ретте, сіздерді ақпарат әлемінің темірқазығы деуге болады. Мен журналистеріміздің әр мәліметті ұлт мүддесі тұрғысынан саралай аларына сенемін. Өйткені өзім көп оқимын, сіздер жазған мақалалармен, ой-пікірлермен танысып. Қазір журналистеріміз түрлі салада жұмыс істеп жүр. Қаламгер әрі қайраткер азаматтарымыз аз емес. Ақпарат саласының өкілдері Парламент пен мәслихаттарда табысты еңбек етуде. Сондай-ақ жергілікті және орталық атқару органдарында қызмет етіп жүрген азаматтар бар. Бұл журналистің бесаспап мамандық иесі екенін анық көрсетеді, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі жиынға ақпарат саласының ардагерлері арнайы шақырылғанына назар аударды.

– Сауық Жақанова, Жарылқап Бейсенбайұлы, Шархан Қазығұл сияқты журналистика майталмандары ортамызда отыр. Сіздер ұлттық ақпарат саласын дамытуға зор үлес қостыңыздар. Тілшілердің тұтас буыны өздеріңізге қарап өсті. Сіздерге зор ризашылығымды білдіремін. Қай салада болсын, адал еңбек лайықты бағалануға тиіс. Бұл – бәріміз бірге құрып жатқан әділетті қоғамның мызғымас ұстанымы, – деді Президент.

Мемлекет басшысы жыл сайынғы дәстүрге сай журналистерге Президент сыйлығы мен гранттарын тапсырып, алғысын жариялады. Сонымен қатар медиа саласының өкілдерін мемлекеттік наградамиен марапаттады.

Іс-шарада журналистика саласының ардагері Шархан Қазығұл, «Қазақстанская правда» газетінің бөлім меңгерушісі Юлия Магер және «Хабар» телеарнасының жүргізушісі Гүлнәзия Зарипова сөз сөйледі.

akorda.kz

МЕРЕЙ – ҮСТЕМ, МӘРТЕБЕ – БИІК

– Бүгінгі мереке – мерзімді басылымдар мен телеарналарда, ақпараттық агенттіктер мен сайттарда қызмет істейтін шығармашылық өкілдерінің, журналист жасаған сюжет пен жазған мақаланың техникалық, көркемдік тұрғыдан толыққанды жарыққа шығуына еңбек сіңіретін оператор, дизайнер, режиссер, инженерлердің мерейлі күні. Сіздер жаңа бетбұрыстар кезеңінде қоғам мен биліктің арасында алтын көпір болып, жұртшылыққа реформалардың маңыздылығын жеткізуде жауапты міндет атқарып келесіздер. Мереке карсанында Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы бұқаралық ақпарат құралдарының бір топ қызметкерлерін Ақорда төрінде қабылдап, мемлекеттік наградалар табыстады. Салтанатты қабылдауда жерлесіміз, ақпарат саласында аянбай еңбек етіп жүрген «Қузылорда» телеарнасының директоры Әмиша Нұрбек Шынтамұрұлы «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградалды. Бұл – Сыр журналистикасының бүгінгі беталысына берілген жоғары баға. Осыдан 100 жыл бұрын Қызылорда еліміздің тұңғыш астанасы болған тұста әлеуметтің рухани өмірінде ерекше серпіліс жасалды. Тарихи кезеңде республикалық мерзімді басылымдардың барлығы Сыр өңіріне көшірілді. Ұлттық сөз өнерінің майталмандары, Алаш зиялылары Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Жүсіпбек Аймауытов, Сәбит Мұқанов

журналистік шеберлігін шыңдап, халыққа ақпарат тарату ісіне белсене қатысты, – деген аймақ басшысы өңір журналистикасының тарихына тоқталып өтті.

Мерекелік жиында салаға ізденісі мен кәсіби шеберлігін арнап, оқырман мен көрермен құрметіне бөленген журналистер марапат төрінен көрінді. Мемлекет басшысының Жарлығымен

облыстық «Сыр бойы» газеті «Руханият» бөлімінің меңгерушісі, Қазақстан жазушылар және журналистер одағының мүшесі Дүйсенбек Беркінбаев «Құрмет» орденімен, республикалық «Қазақстанская правда» газетінің меншікті тілшісі Әлібек Байшүленов пен «Қоғам ТВ» телеарнасының шеф-редакторы Баян Құлтанова «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.



Басы 1-бетте



Сондай-ақ бірқатар тілшілерге облыстың ең жоғарғы наградасы – Қызылорда облысы әкімінің «Құрмет» грамотасы, облыс әкімінің Алғыс хаты мен номинациялар табысталды.

Қала тынысын айшықтап, газет бетінде танбалаған «Ақмешіт апталығы» газеті дәл осы күні құрмет төрінен көрініп, арнайы номинациямен марапатталды. Ал газет тілшісі Гауһар Қожахметоваға «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісі табысталды.

Бүгінде Сыр журналистикасының тарихы өзінің ғасырлық белесіне жақындады. Өткен жылы еліміздегі ең байырғы басылымдардың бірі – облыстық «Сыр бойы» газетінің жарыққа

шыққанына 95 жыл тола, биыл «Қызылординские вести» газеті 95 жылдығын атап өтуде. Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» басылымына 90 жыл, Шнелі аудандық «Өскен өңір», Сырлария аудандық «Тіршілік тынысы» газеттеріне 85 жыл, Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің жарық көргеніне 30 жылдан асып барады.

Жиын соңында өңір өнерпаздары әннен шашу шашып, Сыр сахнасын бимен көмкерді. Мереке иелеріне құрмет ретінде берілген облыс әкімінің ықылас гүлі де қадірлі мамандық иелерінің мерейін үстем етті.

«Ақмешіт-ақпарат»



Биыл – Қызылорданың астана болғанына 100 жыл. Ақмешіт бас қала болған сәтте мұнда руханият та, өнер де, мәдениет те дамыды. Тіпті сол кезеңде елдегі баспа құралдарының көпшілігі Қызылордада басылған. Ал қазақтан шыққан тұңғыш әйел журналистер Сара Есова, Нәзіпа Құлжановалар да осында еңбек етті. Ғасыр бұрын тұсауы Қызылордада кесілген басылымдардың қатарында әлі күнге жарық көріп келе жатқан «Қазақстан мектебі» де бар. Жиында алғаш сөз алған қала әкімінің орынбасары Бақытжан Омаров

Басы 1-бетте

қазақ журналистикасының дамуындағы Сыр журналистикасының үлесі туралы айтты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев журналистиканың билік пен қоғамның арасындағы пәрменді байланыс екенін нықтап айтты. Бұл ретте сіздердің еңбектеріңіз зор. Кеше ғана Президенттің құрметіне бөленген жерлестеріміз Нұрбек Әмиша мен Акерке Биятова – Сыр журналистикасының қаншалықты биік деңгейде екенін танытты. Мерекелеріңіз құтты болсын. Қаламдарыңыз мұқалмасын, – деді Бақытжан Бауыржанұлы.

ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНГЕН КҮН

Құрмет төріне көтерілгендердің қатарында белгілі қаламгер Жүзбай Танрықбаев пен ақын-журналист Дүйсенбек Аяшұлы бар. Қала әкімінің орынбасары аға буын журналистердің иығына шапан жауып, сый көрсетті. Қала әкімінің баспасөз хатшысы Болат Жұмабаевқа Қазақстан журналистер одағының Құрмет грамотасы мен облыс әкімінің алғыс хаты табысталды. Сондай-ақ, Мұрат Жетпісбаев, Айнұр Тұңғышбаева, Мира Жакибаева, Ербакыт Жалғасбаев және басқа да журналистерге қала әкімінің арнаулы сыйлығы табысталды.

Әріптестеріміз «Ақмешіт апталығы» газетінің бөлім басшысы Айттолқын Айтжанова, «Сыр бойы» газетінің тілшісі Сара Адайбаева, «Ақмешіт жастары» газетінің тілшісі Әлия Тәжібай, «Қузылорда news» интернет газетінің тілшісі Айжан Жарманова да осы қатарда 150 мың теңгелік сертификатпен марапатталды.

Жиын соңында ақын-журналист Дүйсенбек Аяшұлы құттықтау сөз сөйледі. Ал өңір өнерпаздары Ақмешіттің аспаннан әнмен әулетті.

«Ақмешіт-ақпарат»



МЕРЕЙ

Сыр журналистикасында орыс тілді «Кызылординские вести» облыстық газетінің де алар орны зор. Биыл – басылымның 95 жылдық мерейтойы. Төл мереке қарсаңында орыс тілді ата басылымның ұжымымен пікірлесіп, газеттің тарихына тоқталғанды жөн көрдік.

Тарихы 1930 жылдың 1 қаңтарынан басталатын газет алғашқы жылдары «Ленинский путь» деген атпен жарық көрді. Оқырманға жол тарта сала аймақтың ғана емес, тұтас қоғамның, республиканың тыныс-тіршілігін танытып, жұртшылықтың іздеп жүріп оқитын басылымына айналған. Ал соғыс жылдарында әскерлердің өмірі мен қиыншылығы, соғыс жағдайы туралы қалың оқырманға жеткізіп отырды.

Ел тәуелсіздігін алған 1991 жылы басылым «Кызылординские вести» деген атпен шыға бастады. Күні бүгінге дейін осылай аталады. Газеттің жаңғыру жолында Тимур Қасымов, Игорь Корнилов, Игорь Титенко, Серік Бижанов, Жәнібек Исаев, Әбдірахман Еңсегенов, Ботакөз Ажарбаева, Наталья Черней, Гүлмира Жакибаева, Айнагүл Манабаева, Жанна Балмағамбетова тәрізді қызметкерлер еңбек етті. Бүгінде олардың көпшілігі басылымда тер төгіп келеді. Бұл қатарда Перизат Абдулазисова, Айдана Мусаева, Ерхан Ақын, Бағлан Аманжол, Альфия Гавчева тәрізді есімдер бар.

Ботакөз АЖАРБАЕВА, «Кызылординские вести» газетінің бас редакторы:

– Біздің басылымның тарихы облыстың ата газеті «Сыр бойы» тәрізді әріден басталады. Аймақтың айнасы атанған газет. Он бойына талай тарихты сыйдырған құнды жәдігерге толы құндылыққа айналды. Мұндай мұрағат ешқандай интернетте жоқ. Біздің тілшілердің арқасында газетіміз отандық БАҚ арасында шынайы ақпаратпен лайықты орнын алған.

Қызметін адал орындап, оқырман алдындағы жауапкершілікті сезіне еңбек етіп жүрген алдыңғы буын Қазбек Ботаев, Жанна Балмағамбетова және Гуля Тянь зейнетке шықса да сүйікті басылымда жұмыс істеп, тәжірибесін кейінгі толқынмен бөлісіп келеді. Газет бетінде үнемі сүйекті мақалаларды әзірлеп, өздеріне тән кәсіби біліктілігімен ерекшеленген қатарда Наталья Черней, Мира Жакибаева, Серік Бижанов, Инна Бекевалар бар. Олар басылымның оң имиджін қалыптастыруда тынымсыз еңбектенуде.

Газет шығаруда маңызы жоғары, бірақ үнемі тасала қалатын техникалық бөлім бар. Компьютерлік бағдарламашы Виталий Скорняков, 40 жылдан аса еңбек өтілі бар аға корректор Гуля Тянь еңбек ететін бұл бөлімнің де жұмысы қауырт. Газеттің ішкі жұмысын үйлестіріп отырған жауапты хатшы Ерхан Ақын, газет жұмысына да, қоғам жұмысына да белсенділік танытып, қашанда көш басында жүретін Айдана Мусаева мен Перизат Абдулазисова – ұжымды алға сүйреп жүрген қызметкерлер.

Биыл басылымның 95 жылдық мерейтойы мен Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына арналған бірнеше іс-шара өтті.

Мектеп оқушылары мен колледж студенттері газет шығару ісінің тарихына терең бойлап, аймақ тынысымен танысты. Тарихта бірінші рет Қытайдың Бас консулы редакцияға келіп, газет тарихымен танысты. Ұжыммен кездесті. Ал «Сыр медиа» ЖШС қызметкерлерінің балалары үшін 1 маусым – халықаралық балаларды қорғау күніне арналған ойын-сауық кеші де – басылым мерейтойына арналған іс-шаралардың бірі.

Газеттің қоғамдағы маңызы артпаса, кеміген жоқ. Күн санап дамып келеміз. Тарихы тереңнен бастау алған басылым жаңа заманға төселе электронды форматқа көшті. Өзінің аудиториясын кеңейтіп, ауқымын арттырып келеді. «Кызылординские вести» аймақтың орыс тілді бағытында басты мінбері болып келді, болып қала да бермек.

Жанна БАЛМАҒАМБЕТОВА, аға тілші:

– Газетіміздің 95 жылдық мерейтойы қазақ тарихындағы ең бір атауды дағаман туспа-түс келді. Биыл Қызылорда қаласының астана болғанына және ұлттың ұлық атауы Қазақ атын қайтарғанымызға ғасыр толды. Осы елеулі күннің артынан іле-шала еріп келе жатқан мерейтойға біз зор жетістікпен жеттік.

Газет беттерінде ауыл шаруашылығы, еңбек адамы, елдегі өндіріс саласы тақырыбындағы мақалалар мен очерктер жарияланып тұрады. Қоғамда қызықты әрі өткір мәселелерді көтеру арқылы басылым оқырман жүрегіне жол тауып, таралымы да дәуір өсті. Қазір – жаһандану

дәуірі, әлемді алақаныңа сыйдырған интернет дәуірлеген тұста газеттің дәурені өтті деген пікірлер бар. Жылт еткен жаңалықтан гөрі біз тақырыпты тереңінен талдап, сараптап, шынайы ақпаратпен бірге дайындауды дағды еткенбіз. Газеттің беделі қашанда биік болып қала береді.

Инна БЕКЕЕВА, бөлім басшысы:

– Газет – өшпейтін тарих. Қағазға түскен тарих ешқашан өшпейді. «Кызылординские вести» газетінде шынайы ақпаратқа сүйене жазылған әрбір мақаладан адамдардың аты-жөнін, сандық мәліметтер мен басқа да деректер, әр дәуірдің өзіне тән суреттерін көруге болады. Аймақтың өмір сүру салты мен қоғамның әр саласындағы даму жайын газеттің әрбір бетінен кездестіресіз.

Бағлан АМАНЖОЛ, тілші:

– Журналистикаға келуім – жүрек таңдауы, бала күннен бойыма сіңген қасиет. Әкем Айғали Қарабалаев отыз жылға жуық «Сыр бойы» газетінде қызмет атқарды. Оның ағасы, яғни Жағыппар Қарабала да өз буынының танымал журналисі. Екі бірдей қаламгердің ортасында өскен мен үшін бұл жол табиғи таңдау болды.

Бала кезімде әкеммен бірге ел ішін аралап, игі жақсылармен кездесіп жүргенім – журналистикаға деген қызығушылығымды оятты. Алғашқы мақаламды 7-8 сыныпта оқып жүргенімде «Қайсар» футбол командасы туралы жазып, әкемнің көмегімен «Сыр бойына» жариялатқаным әлі есімде.

ҒАСЫРҒА АЯҚ БАСҚАН БАСЫЛЫМ



Газет әр сәтте өзінің белсенділігін төмендеткен жоқ. Еңбек адамдарының тыныс-тіршілігі, әлеумет, білім, мәдениет, өндіріс тәрізді қоғамның барлық саласын ақпараттандырып келеді. Алғашқы нөмірінің шыққанына 95 жыл толса да, газет ғаламтор дәуірінде онымен текетіресіп, өз орнын жоғалтқан жоқ. Турақты оқырмандарымыз газет бетін парактай отырып, көп мәліметке қаныға алады. Ал әлемнің қай түспірінде болса да оқуға мүмкіндік беретін басылымның электронды нұсқасы бар.

Мектепті аяқтаған соң Санкт-Петербургтегі университеттің автоматтандырылған өндіріс механикасы факультетіне түстім, алайда отбасылық себептерге байланысты аяқтай алмадым. Сол жақта жүріп, орысша жазуды меңгердім.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Аграрлық техника және технология» мамандығын тәмамдадым. Бірақ журналистика әрдайым жанымның қалауы болып қала берді.

жатқан жауапкершілігі мол мамандық. Мен бұл жолды таңдағаным ешқашан өкінген емеспін.

«Газеттің өзі – бір күндік, сөзі – мың күндік» деген керемет сөз бар. Ғасырға жақын уақыттың жүгін көтеріп, жарғақ құлағы жастыққа тимей, елді шынайы ақпаратпен қамтамасыз етіп жүрген әріптестерді мерей-тоймен құттықтаймыз.

Аян СПАНДИЯР

Гүлнұр БҮРКІТБАЕВА, Қоғамдық даму басқармасының өңірлік коммуникациялар қызметі КММ директоры:

БАСТЫ МАҚСАТ – ӨНІРДІН ОҢ ИМИДЖІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Өңірлік коммуникациялар қызметі мемлекеттік ақпараттық саясатты дамыту жолында үлкен рөл атқарады. Аймақтың оң имиджін қалыптастыруда бұл орталықтың көтерер жүгі ауыр. Жергілікті билік пен бұқаралық ақпарат құралдары арасында тығыз байланыс орнатуға өз үлесін қосып жүр. Мереке қарсаңында өңірдегі ақпараттық саясатты үйлестіріп отырған Өңірлік коммуникациялар қызметі КММ директоры Гүлнұр Бейбітбекқызымен сұхбаттасудың сәті түсті.

– Аймақтың оң имиджін қалыптастыруда жыл көлемінде атқарылған жұмыстарға тоқталып өтсеңіз...

– Өңірлік коммуникациялар қызметі – мемлекеттік органдар мен бұқаралық ақпарат құралдарын байланыстыратын мемлекеттік инфокоммуникациялық алаң. Мұнда кез келген маңызды азаматтық бастамалар қолдау табады. Спикерлер қатарында тек мемлекеттік органдардың өкілдері ғана емес, саяси және қоғамдық бірлестіктер, өнер қайраткерлері, зиялы қауым мен жастар да бар. Мемлекеттік билік органдары мен қоғамның өзара іс-қимылының тиімді тетігін құруды мақсат еткен өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында жыл басынан бері 156 баспасөз іс-шарасы ұйымдастырылды. Оның 14-і көшпелі брифинг, 9-ы баспасөз туры. Оған 244 спикер қатысты. Жыл басынан бері облыс әкімінің 5 орынбасары, 7 аудан әкімі және Қызылорда қаласының әкімі есеп берді. Облыстық 18 басқарма және 21 аумақтық департамент пен инспекция басшыларының қатысуымен баспасөз конференциялары өтті. Сонымен қатар орталық тек баспасөз алаңынан ғана ақпарат таратпай, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында атқарылып жатқан барлық іс-шараның кең көлемде ақпараттандырылуына өз үлесін қосып келеді. Облыс көлемінде ғана емес, елімізде өтіп жатқан халықаралық, республикалық спорттық-мәдени шаралардан облыс тұрғындарына хабар таратылды. Өңірлік коммуникациялар қызметі арқылы V дүниежүзілік көшпелілер ойындарын, «Сұлу Сырдан – ару Алматыға» атты Қызылорда облысының Алматы қаласындағы өнер күндерін, республикалық «Ұлттық қауіпсіздік барысы» турнирі ақпараттандырылды.

Сондай-ақ ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі көшпелі брифингін Қызылорда облысында алғаш рет ұйымдастырды. Өңірлік коммуникациялар қызметі көшпелі брифингті жан-жақты ақпараттандыруға атсалысты.

Тағы бір атап айтар жаңалық, өңірлік коммуникациялар қызметінің жұмысын

жетілдіру бағытында жасанды интеллект қолданылуда.

– Өңірдегі бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс қалай?

– Жергілікті және республикалық БАҚ өкілдерімен тығыз әріптестік байланыста жұмыс істейміз, ақпараттық ашықтық пен жеделдік басты назарда. БАҚ өкілдерімен жүйелі түрде баспасөз мәслихаттары, брифингтер, сұхбаттар және ақпараттық турлар ұйымдастырылады. Сонымен қатар ресми мәліметтер уақытылы таратылып, маңызды оқиғалар мен жаңалықтар әлеуметтік желілерде және ресми сайттарда жедел жарияланып отырады.



– Қазіргі уақытта халықтың ақпарат алуына ең тиімді құрал қандай деп ойлайсыз?

– Халықа нақты әрі сенімді ақпарат беруде дәстүрлі медианың ролі зор. Бүгінде қазақ журналистикасында, оның ішінде Сыр журналистикасында тын серпін барын байқаймыз. Жергілікті БАҚ-тағы зерттеу, сараптама, тың жобалар жүзеге асып, халықтың көңілінен шығып жатқанының куәсі болып та жүрміз. Өзім де журналист ретінде өңір журналистикасының уақыт көшінен қалмай дамып келе жатқанына қуанамын.

– Алдағы уақытта қандай жаңа жобаларды жүзеге асыру жоспарда бар?

– Орталықтың бастамасымен биыл облыста салынып жатқан нысандар мен ел игілігіне пайдалануға берілген жаңа ғимараттарды, сондай-ақ өңірдегі көз тартар көрікті жерлерді халықа кеңінен насихаттау үшін танымал блогер өз парақшасында, әлеуметтік желілердегі пабликтерде креативті видеороликтер шығарып, көрсетілім көп жинады. Бұл аймақтың оң бағыттағы бастамасын көрсетуге үлес қосуда.

Одан бөлек, жаңа бағдарламалар да көрермендерге жол тартты. Атап айтқанда, еркін форматтағы «Кешкі кофе», «Етене», «Ол кім? Бұл не?», «Ауылым – алтын бесігім» жобалары жарыққа шықты, «TED Q» ашық алаңы ұйымдастырылып, оған орталық жанынан құрылған сарапшылар тобы қатысты. Алдағы уақытта «Технотренд», «Жергілікті жетістік» подкасттары, «Адал еңбек», «Profession», «Ғасыр куәсі» хабарлары түсіріліп, оқырманға ұсынылады.

– Орталықта жұмыс істейтін мамандарға қандай талап қоясыз?

– Ең алдымен қарапайым болу қажет. Жастармен бірге бір толқында болған дұрыс деп санаймын. Кез келген адаммен тіл табысып, коммуникация орната білу маңызды. Әрине, жауапкершілік пен әділдік – басты ұстанымым.

– Өз салаңызда қандай жетістіктерге қол жеткіздіңіз келеді?

– Уақытпен санаспайтын, креативті идеяны жүзеге асыруға асығатын, қоғамдағы жаңашылдықты қалт жібермейтін, жауапкершілікті сезіне алатын жастарды қолдаймын. Кәсіби маман болуға деген талпынысын көтермейміз. Біздің орталық жас толқын үшін үлкен мектеп.

– Бастышының бойында қандай қасиет болу керек?

– Ең алдымен қарапайым болу қажет. Жастармен бірге бір толқында болған дұрыс деп санаймын. Кез келген адаммен тіл табысып, коммуникация орната білу маңызды. Әрине, жауапкершілік пен әділдік – басты ұстанымым.

– Өз салаңызда қандай жетістіктерге қол жеткіздіңіз келеді?

– Уақытпен санаспайтын, креативті идеяны жүзеге асыруға асығатын, қоғамдағы жаңашылдықты қалт жібермейтін, жауапкершілікті сезіне алатын жастарды қолдаймын. Кәсіби маман болуға деген талпынысын көтермейміз. Біздің орталық жас толқын үшін үлкен мектеп.

– Бастышының бойында қандай қасиет болу керек?

– Ең алдымен қарапайым болу қажет. Жастармен бірге бір толқында болған дұрыс деп санаймын. Кез келген адаммен тіл табысып, коммуникация орната білу маңызды. Әрине, жауапкершілік пен әділдік – басты ұстанымым.

– Өз салаңызда қандай жетістіктерге қол жеткіздіңіз келеді?



– Біздің басты мақсатымыз – өңірдің оң имиджін қалыптастыру, облыстың ақпараттарын дер кезінде БАҚ өкілдері арқылы халықа жеткізу. Алдағы уақытта ақпараттық ашықтықты арттыруға күш салғымыз келеді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қарулы Күштерінің бірыңғай жүйесін құрайтын қазіргі заманғы, саны жанынан жинақы, жасы жабылталған және жауынгерлік қабілеті жоғары Құрлық әскерлері, Әуе қорғанысы күштері мен Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты және Кадет корпусы құрылды. Әскери оқу орындары әскерилердің кәсіби шеберлігін арттыру саясатын жалғастыруда. Сонымен бірге әскерлерді келісімшарт негізінде жасақтау, армияның қазіргі заманғы қару-жарақпен жарақтандыру одан әрі дамытылды. Сонымен қатар тағдырын армиямен байланыстыруға шешім қабылдаған азаматтар үшін қолайлы әлеуметтік жағдайлар жасалатын болады. Бүгінгі күні отандық әскери білім беру жүйесін Қорғаныс министрлігінің қарамағында әскери оқу орындары құрайды. 1. Алматы қаласында орналасқан Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты. 2. Ақтөбе қаласында орналасқан Екі мәрте Кеңес Одағының батыры Т.Ж.Бигелдинов атындағы Әуе қорғанысы күштерінің Әскери институты. 3. Алматы қаласында орналасқан Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты. 4. Ақмола облысы Щучинск қаласында орналасқан Қорғаныс министрлігінің Шоқан Уәлиханов атындағы Әскери колледжі. ҰБТ мынадай жалпы білім беру пәндерінен жүргізіледі: математика, физика-негізгі пән, Қазақстан тарихы, қазақ немесе орыс тілдері. Кемінде 50 балл, оның ішінде математикадан сауаттылығы немесе математикадан кемінде 7 балл тестілеу нәтижесі бар үміткерлер келесі емтихан тапсыруға жіберіледі. Әскери оқу орнын бітірген азамат лейтенант шенімен оқу бітірісімен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдеріне жөнелтіп, әскери қызмет атқарады, яғни әскери мамандықты таңдаған азаматты жұмыссыз қалдырмайды. Керісінше мүмкіндігінше үй-жаймен қамтамасыз етіп, барлық жағдайды жасайды. Сондықтан қаламыздағы болашақ ел қорғайтын ер азаматтар Бауыржан аталарымыздай жау жүрек батыр болғылары келсе, елінің тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін қызмет етуді мақсат тұтар болса, жергілікті жердегі Қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (военкоматқа) жолығуларын сұраймыз. Мекенжайымыз: Қызылорда қаласы, Шүкіров көшесі 101 А Байланыс телефондары: 24-50-22, №127 кабинет Қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқармасы (военкомат)

Оқуға шақырамыз!

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «Әскери-техникалық мектебі» Тараз филиалы базасында өтеусіз негізде мерзімді әскери қызмет өткермеген азаматтарды оқуға шақырамыз. 11 сынып бітірген азаматтарды «ВСІС» санаттағы әскери жүргізушілерді даярлау бойынша оқуға шақырамыз. Әрбір азамат оқу кезеңінде далалық киім-кешекпен, үш рет тамақтандырумен қамтамасыз етіледі. Бітіргеннен кейін мерзімді әскери қызметке міндетті түрде жөнелтіледі. Сонымен қатар әскери борышын өтеп болғаннан кейін мамандығымен келісімшарт бойынша әскери қызметке орналасуға, әсіресе Қызылорда қаласы маңындағы әскери бөлімдерге орналасуға болатынын жеткіземіз. Қойылатын талап: денсаулық жағдайы бойынша жарамды, бойы 170 см төмен емес, жасы он сегізге толған және жиырма екі жасқа дейінгілер. Қылмыстық жауапкершілікке тартылмаған болуы қажет. Оқу мерзімі: үш ай. Ниет білдірген азаматтар төмендегі мекенжайға хабарласуына болады. Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы, Шүкіров көшесі 101 А үй №127 кабинет, телефон 24-50-22.

Сұхбаттасқан Айттолқын АЙТЖАНОВА

Лемара ИРГАЙБАЕВА «Qyzylorda» телеарнасының «Құдайы қонақ» бағдарламасының жүргізушісі:

БҰЛ ТЕК ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ ЖОБА ҒАНА ЕМЕС, ӨЗІҢДІ ТӘРБИЕЛЕЙТІН ӨМІР МЕКТЕБІ

Алыстан ат терлетіп келген қонақты төрге шығарып, табак тарту атадан балаға жалғасқан өнегелі дәстүрдің бірі еді. Қонағы үзілмеген, дастарханы жиылмаған қазақтың кең пейілін бүгінде сағынышпен еске алатындар көп. Ал қазір құдайы қонақты үйіне кіргізбек түгілі, көршісіне есік ашпайтындар көп. «Құдайы қонақ» ұғымы замана көшінде мәнін жоғалтқан жоқ па? Осы сауалдарға жауап іздеген «Qyzylorda» телеарнасы ұлттық құндылықтарды дәріптеуді мақсат еткен «Құдайы қонақ» атты реалисти-шоуды қолға алды. Аз уақыттың ішінде бұл бағдарлама көрермен көзайымына айналып, «Тұмар» сыйлығын иеленді. Осы тұста жоба жүргізушісі, тележурналист Лемара Иргайбаевамен сұхбаттасудың сәті түсті.

– «Құдайы қонақ» жобасы қалай дүниеге келді? Мақсаты қандай?

– Бұл телеарна директоры Нұрбек Әмишаның бастамасымен жүзеге асқан жоба. Жобаны тізгіндеу, көрерменге жол тарту әріптесім Дәулетхан Ақайдаров екемізге бұйырды. Қалада туып өскен, ауыл өмірінен бейхабар мен үшін тың дүние болды. Жоба шынайылығымен, боямасыз болмысымен көптің көңілінен шықты. Қазақ халқының қонақжайлылығы әлі де сақталған ба? Осы сауалдың жауабын табу – басты мақсат. Біз ауылдың тыныс-тіршілігін көрсеткіміз келеді. Ұмыт қалған дәстүрді қайта жаңғырту – парызымыз. Ауылдағы үлкендер жағы бізді көріп, қуана қарсы алады. Себебі бұл бағдарлама – ұлттың болмысына қайта үңілу. Жоба аз уақыттың ішінде халық ықыласына бөленіп, «Тұмар» сыйлығына ие болды. Бұл – біз үшін үлкен мәртебе. Көрерменнің көзайымы болудан артық бақыт жоқ. Ауылдағы қарапайым халықтың қонақжайлылығы мен дархан мінезі экран арқылы көрерменге жол тартып, жастарға тағылым болуда. Бұл тек тележоба емес, тамыры терең дәстүрді бүгінгі қоғамға қайта сіңірудің бір жолы.



– «Құдайы қонақ» жобасының түсірілімі кезінде қандай қиындықтар болды?

– Ұжымдық жұмыс болған соң, әрине, түрлі сәттер болады. Бірақ біздің ұжым өте тату. Бір-бірімізге дауыс көтеріп, қабақ шытып, мінез көрсеткен емеспіз. Шығармашыл жұмыс болған соң, адамдармен тез тіл табысамыз. Әсіресе, Дәулетхан әріптесім – өте сыпайы, қыз баласына деген құрметі жоғары, түсінігі мол жан. Одан бөлек, түсірілім ұжымында операторлар, тіпті жүргізуші ағайымыздың еңбегі көрермен үшін орасан зор деп білемін. Жол үстінде де, түсірілім барысында да көтеріңкі көңіл күймен жүреміз. Басты мақсатымыз – көрерменнің жүрегіне жол табу. Мінген кемеміз бір, ал ескекті дурыс бағыттау өз қолымызда. Қайтар сәтте ауылды қимай, жылы естеліктермен жол бойы бөлісіп, талқылаймыз. Әрине, кейде шаршап, тіпті үнсіз қайтатын кездеріміз де болады. Бірақ, соған қарамастан, жұмысты шын ықыласпен атқарамыз.

– «Құдайы қонаққа» ауыл тұрғындарының көзқарасы қандай?

– Түсірілім барысында камерадан қашу өте сирек кездесті. Басында «кімсіңдер, не үшін түсіріп жүрсіндер?» деген сынды сұрақ жиі қойылды. Өйткені бағдарламаның көрерменге әлі жол тартпаған кезі еді. Бірақ жобаның мақсатын түсіндірген соң, келіседі. Қазір тұрақты көрермендеріміз бізді ауыл ішінде көрсе, қуанып қарсы алады. Ауыл тұрғындары өте қонақжай. Әрдайым есігі ашық, жүзі жарқын. Келген қонақты астан дәм татқызбай шығарып салмайды. Міндетті түрде шай қойып, бар жаксысын қонаққа тосады. Құдайы қонақты құлайдай көреді. Сағына күткен жақынындай төрге отырғызып, емен-жарқын әңгімесін айтады. Ал қалада, өкінішке қарай, мұндай көрініс сирек кездеседі. Тіпті күмәнмен қарайды. Ал ауылда әлі де бағыт ықылас, таза ниет есте сақталған.

– Түсірілім барысында есте қалған қызық оқиға туралы айтсаңыз...

– Әрбір ауыл біз үшін ыстық. Әр ауылдың өз ерекшелігі бар. Бөліп жаруға келмейді. Түсірілім сайын ауылдарға

қызыға да, тамсана да қараймыз. Мен өзім қалада өскендіктен, ауыл тіршілігіне етене жақын емеспін. Қазақы дәстүрді білгеніммен, ауыл тынысынан бейхабармын. Тіпті қой кезек дегенді де білмеймін. Әріптесім Дәулетхан маған әзілдеп «қой кезекте қойлар кезекке тұрады» деп күлетін. Алғашқы түсірілімде біз Жаңақорған ауданының Досбол би, Тартоғай, Бесарық ауылдарына барғанымызда алғаш рет сиыр сауып көрдім. Қалада туып-өскен мен үшін бұл үлкен жаналық болды. Құдайы қонақ күткен ауыл тұрғындары бізге барын беріп, тіптен қалауымызды орындап жататын. «Сиыр сауып көрсем, нан илеп, пешке жауып көрсем» деген тілегіме қарсылық білдірмейтін. Қонақжайлық көрініс тапқан ауылдарды көргенде қуанасын. Бұл тек телевизиялық жоба ғана емес, өзінді де тәрбиелейтін өмір мектебі іспетті.

– Ауылда таңдау қалай жүзеге асады?

– Біз алдын ала жоспарламаймыз. Қай ауылға баратынымызды бір күн бұрын жеребе арқылы шешеміз. Түсірілім тобы мен басшымыз ғана біледі. Бұл жобаның басты ерекшелігі – құдайы қонақ болу. Сондықтан ешқандай сценарий, дайындық болмайды. Шынайы, боямасыз дүние жасау – басты мақсат.

– Көптің көңілінен шыққан бағдарламада алдағы уақытта қандай өзгеріс болуы мүмкін?

– Бұрын біз бөтелке ішіне ақша салып, ауыл ішіне жасырып кететінбіз. Қазір бәрі цифрлануда. Сол себепті бөтелкеге QR-код енгізіп, тікелей байланыс орнатуды жоспарлап отырмыз. Оны тапқан тұрғын хабарлама жіберіп, алғыс айтатын. Қазір бәрі цифрлануда. Сол себепті бөтелкеге QR-код енгізіп, тікелей байланыс орнатуды жоспарлап отырмыз. Өйткені кейбір ауылдар бейнебайланысқа шыға алмай қалады. Ал біз көрерменмен кері байланыс орнатқымыз келеді.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Өңімелескен
Айдана БАХТИЯР

АПТАНЫҢ БЕС КҮНІНДЕ ГАЗЕТ ШЫҒАРАМЫЗ

Сыртынан қарағанда тып-тыныш, үнсіз тұрған ғимараттың ішіне ене сала машина даусынан құлақ тунады. Бірінен соң бірі тізбектеліп шығып жатқан сан түрлі газеттің ең бірінші оқырманы – осы баспахана қызметкерлері. Олар оқырманның алдындағы аманаттың жүгін журналистермен бірге көтереді. «ASU баспа үйі» баспаханасы аптаның бес күнінде газет басады. Ондағы жігіттер түн баласы тыным таппай, таң қылаң бере басылымды оқырманға жөнептеуіне табан ет, маңдай терін жұмсап жүр.

Азамат Рашидинов – аға баспагер. Ол мұнда он екі жылдан бері жұмыс істейді. Газет басу ісінің өзіндік қиындығы мен қызығы мол екенін айтады. Ең қиыны – жігіттердің тек түнде жұмыс істейтіндігі.

– Әрине, жауапкершілігі зор жұмыс. Оқырманды жылдам әрі сапалы ақпаратпен қамтамасыз етуде журналистермен бірге бар күш-жігерімізді сала жүріп, еңбектенеміз. Журналистер мақаланың мазмұнына атсалысса, біз газеттің сапасына мән береміз. Осылайша тонның ішкі бауындай біте қайнасып, жұмыс істеп келеміз. Қазір аптаның бес күнінде газет шығарамыз.

Біздің баспаханада жергілікті газеттен бастап, республикалық басылымдарға дейін басылады, – дейді Азамат Рашидинов.

Қазір мұнда екі ауысыммен он адам жұмыс істейді. Әр ауысымда бес қызметкер маңдай терін төгіп жүр. Жұмыс сапалы болса, тапсырыс та көп болатынын жауапкершілікпен қабылдаған олардың әрқайсысының еңбегі ерен.

– Аймақтық, республикалық газеттерден бөлек, көршілес Ұлытау, Ақтөбе облыстарының да

басылымдарын шығарып жүрміз. Әрине, бізге артылған сенімге байыпты көзқараспен қарап, олардың әрбіріне сапалы қызмет етудеміз. Алдағы уақытта да осы тұғырдан түспеу – басты межеміз, – дейді «ASU баспа үйі» ЖШС директоры Қасымхан Қыдырбаев.

«Қасқыр мен журналисті аяғы асырайды» дегендей, газет шығар күнге дейін бал ара тәрізді ақпарат жинаған журналист газет бетін толтырған соң, компьютерде беттеліп, баспа-

ханаға жол тартады. Мұнда оны білікті мамандар күтіп алып, суреттердің түр-түсі мен сапасын реттеп, пластинаға басады. Ал басылған пластина баспа машинасына жіберіледі.

– Көзін білсең, істің қиыны жоқ. Бірақ сол баспа машинасына дейінгі жұмыс процесін көпшілік біле бермейді. Біз келген рудон қағаздарлы вагоннан күтіп алу-дан бастап, газеттің оқырманға баруына дейінгі аралықта еңбектенеміз. «Менің міндетім – мынау» деп шектеліп қалмаймыз. Үлгермей жатсақ, бір-бірімізге көмектесеміз. Баспашылар басып жатқанда сия құямыз, газеттегі көп түсті шығаратын негізгі төрт түсті бір жерге жинап, газеттегі суреттердің сапалы шығуына атсалысамыз. Жұмыстың оңайы жоқ, бірақ әрбіріміздің кеудемізде өз ісіміздің мықты маманы болу мақсаты тұр. Әр саланың ерекшелігі мен қиындығы болатынын да ұмытпаймыз, – дейді инженер Нұрсұлтан Ескалиев.

Бүгінде баспахана облыстағы соны үлгіде газет басатын бірегей ұжым. Газеттің де түрлі форматын шығарып, оқырманға ойлы дүниенің жетуіне атсалысуда.

– Баспахана ашылған уақыттан бері жаңа технологиялармен қамтылған. Қазір де газет басу ісінде алдыңғы қатарда келеді. Әрине, көрген жаңа газет опонай шыға салатын секілді. Бірақ осы процестің ұзақ әрі қиын екенін біле бермейді. Қиындығы сол, газетті қолмен салған суреттей шығарады. Қызығы сол, әрбір шыққан газет өзінің төл туындың тәрізді рахаттанасын, – дейді баспахана директоры Қасымхан Қыдырбаев.

Баспа машинасынан кезегімен сырғыған газеттер бейнебір сағаттың тілі тәрізді. Әрбірі секунд пен минутты аркалап жүйткіп барады. Баспахана – сол секунд сайын соғып тұрған газеттің жүрегі. Ал әрбір күннің тарихқа айналуына септесіп, тер төгіп жүрген баспагерлер сол сағаттың тілін бұрап тұрғандай көрінеді...

Дәулет ҚЫРДАН



ОНЫҢ ЕСІМІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Кейбір жандар тағдырдың шектеулі уақытында да бүтін бір дәуірдің жүгін арқалап өтеді. Сахитжан Бермағанбетов – сондай дара тұлғалардың бірі. Шындықты шырақ еткен жас тілші өмірден ерте оза да, ел жүрегінен өшпейтін есіміге айналды. Оның қаламынан тұған әрбір сөз шынайылықтың айнасы еді...

Қызылорда қаласындағы «Евразия» спорт кешенінде Сахитжан Бермағанбетовті еске алуға арналған кіші футбол турнирі ұйымдастырылды. Дәстүрге айналған шағын футбол бәсекесіне бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерінен жасқаталған 6 команда қатысып, өзара бақ сынасты.



Сахитжан Бермағанбетов – Арал ауданы, Қарақұм ауылының тумасы. Ол 1982 жылы дүниеге келген. 2003 жылы журналистика саласына қадам басып, студент кезінен «Қоғам ТВ» телеарнасында редактор әрі жүргізуші ретінде жұмыс істеді. Кейін «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасында редактор болып еңбек етіп, көпшілікке кеңінен танымал «Түйін» сараптамалық бағдарламасының жүргізушісі болды. Сондай-ақ облыс әкімінің баспасөз хатшысы және баспасөз орталығының жетекшісі қызметтерін атқарды. Қысқа ғұмыр кешсе де, Сахитжанның журналистикадағы ізі сайрап жатыр, есімі ел есінде мәңгі сақталады.

– Журналистер мерекесінің қарсаңында осындай турнир өткізуді дәстүрге айналдырдық.

алып, тартысты ойын өрнегін көрсетті. Плей-офф кезеңінде тосын нәтижелер тіркеліп, ойын қыза түсті. «Қоғам ТВ» командасы облыстық қоғамдық даму басқармасын тізе бүктірсе, «Qyzylorda» телеарнасы былтырғы чемпион – «Меншікті тілшілер» командасын пенальти сериясында жолда қалдырды.

Үшінші орын үшін болған кездесуде «Меншікті тілшілер» командасы қоғамдық даму басқармасының ойыншыларын ұтып, қола жүлдеге ие болды. Ал финалда алғаш рет аймақтың қос телеарнасы – «Қоғам ТВ» мен «Qyzylorda» телеарнасы кездесіп, матч тағдыры пенальти сериясында шешілді. Шешуші сәтте сәттілік серік болған «Қоғам ТВ» командасы жеңіске жетіп,

Сахитжан Бермағанбетов атындағы турнирдің жеңімпазы атанды. – 2025 жыл біз үшін тарихи сәт. «Қоғам ТВ» ұжымы 26 жылда алғаш рет чемпиондықты еншілеп отыр. Бұл – біз үшін үлкен жетістік. Командама алғысымды білдіремін. Баршаныңды спортпен шұғылдануға шақырамын, – деді команда капитаны Ержан Батырашев.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы кубоктар, медальдар және қаржылай сыйлықтар табысталды. Турнирдің басты мақсаты Сахитжан Бермағанбетов есімін ұлықтап, журналистика жолында аянбай еңбек еткен азаматтың рухына құрмет көрсету болды.

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат

комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті

жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі,

дережер мен мәзімметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі

ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,

беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік

басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында

басылды. Тел: 8(7242)40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына

хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4391 Тапсырыс №1072

Нөмірдің кезекші редакторы Дәулет ҚЫРДАН